

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы туралы (2011.04.02. берілген өзгерістермен)

«Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 14 ақпандағы № 535 Жарлығын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2008 жылғы тамыздың 29-ы

№ 653

Қазақстан Республикасы Президентінің
2008 жылғы 29 тамыздағы
№ 653 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

2009 - 2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана, 2008 жыл

Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты

2. Кіріспе

3. Проблеманың қазіргі заманғы жай-күйін талдау

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

5.1. Еуропа мемлекеттерімен ынтымақтастық

5.1.1. Технологиялық ынтымақтастықты жолға қою үшін жағдай жасау

5.1.2. Энергетикалық ынтымақтастықты дамыту

5.1.3. Көлік саласында ынтымақтастықты дамыту

5.1.4. Техникалық реттеу және метрология саласындағы ынтымақтастықты дамыту

5.1.5. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету

5.1.6. Шағын және орта бизнесті дамытудағы ынтымақтастық

5.1.7. Өмір сүру сапасы саласында ынтымақтастықты кеңейту

5.1.8. Гуманитарлық өлшем тұрғысындағы ынтымақтастықты кеңейту

5.2. Оң сипаттағы еуропалық тәжірибені пайдалана отырып, қазақстандық институционалдық-құқықтық базаны жетілдіру

5.3. Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуінің басымдықтары

6. Қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

ҚР Президентінің 2011.04.02. № 1150 Жарлығымен 1-бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
Әзірлеуші	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Бағдарламаның мақсаты	Қазақстан Республикасының Еуропаның жетекші елдерімен стратегиялық әріптестік деңгейіне шығуы
Бағдарламаның міндеттері	Қазақстан Республикасының Еуропа мемлекеттерімен ынтымақтастығын мынадай бағыттар бойынша: технологиялық; энергетикалық; көлік саласында; техникалық реттеу және метрология саласында; сауда-экономикалық; шағын және орта бизнесті дамытуда; өмір сүру сапасы саласындағы; гуманитарлық өлшем тұрғысында дамыту және тереңдету. Оң сипаттағы еуропалық тәжірибені пайдалана отырып, қазақстандық институционалдық-құқықтық базаны жетілдіру. Қазақстан Республикасының 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі үшін жағдай жасау
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері	2009-2011 жылдар
Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері	Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстардың мөлшері «Республикалық бюджет туралы» 2009-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде жыл сайын нақтыланады
Күтілетін нәтижелер	Бағдарламаны іске асыру: Қазақстан Республикасының Еуропаның жетекші елдерімен саяси, экономикалық және гуманитарлық салаларда стратегиялық әріптестік деңгейіне шығуын; Еуропа елдерімен тауар айналымын жыл сайын ұлғайту үшін қолайлы жағдай жасалуын; Еуропа мемлекеттері және үкіметтері басшылары деңгейінде жыл сайын (кемінде 5) сапар алмасуды (халықаралық іс-шаралар кестесіне сәйкес); қазақстандық желілерді панъеуропалық көлік желілерімен түйістіру аясында көлік желілерін дамыту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға ЕО-мен қол қойды; ЕО елдерінің талаптарына сәйкес келетін техникалық регламенттер мен үйлестірілген стандарттарды қабылдауды; еуропалық нормаларды ескере отырып, ұлттық заңнаманы жетілдіруді; Қазақстан Республикасының мүдделерін Еуропа құрлығында ілгерілетуді қамтамасыз етеді.

2. Кіріспе

2009 - 2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны қабылдау қажеттілігі елдің ішкі дамуының өзекті міндеттерін шешудің, еуропалық бағыттағы ұлттық басымдықтарды әзірлеудің, тарихи қалыптасқан байланыстарды нығайтудың, еуропалық интеграция және институционалдық-құқықтық реформалар тәжірибесіне сүйенудің, технологиялық,

энергетикалық, көлік, сауда, гуманитарлық және инвестициялық ынтымақтастықты тереңдетудің маңыздылығынан туындады.

3. Проблеманың қазіргі заманғы жай-күйін талдау

Қазақстан Республикасының Сыртқы саясаты тұжырымдамасына сәйкес Еуропа елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты дамыту Қазақстанның стратегиялық мүддесін білдіреді.

Қазіргі уақытта Еуропа елдерімен екіжақты қарым-қатынастардағы технологиялық, энергетикалық, сауда және көліктік ынтымақтастық әлеуеті толық іске асырылмауда.

Еуропалық Одақ елдері тұтас алғанда Орталық Азия мемлекеттерімен, атап айтқанда, Қазақстанмен ынтымақтастыққа да айрықша назар аударатынын ескеру қажет. Олардың ортақ ұстанымы 2007 жылғы маусымда Еуроодақтың саммитінде қабылданған «ЕО және Орталық Азия: әріптестіктің жаңа стратегиясы» атты құжатта көрсетілген. Еуропалық Одақтың ішкі құжаты болып табылатын Стратегия ЕО-ның Орталық Азиямен және Қазақстанмен өзара іс-қимылының маңызды бағыттарын қамтиды.

Еуропаның бірқатар елдерінің ЕО-ның еуропалық құрылымдарына интеграциялануға ұмтылысы немесе олардың еуропалық көршілік саясат шеңберінде ЕО-мен өзара іс-қимылы бұл елдерге әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың әртүрлі салаларында белгілі бір жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама аталған елдердің ЕО мемлекеттерімен және еуропалық құрылымдармен ынтымақтастығын дамытудың оң тәжірибесін ескере отырып әзірленген.

Бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының негізгі принципі - тепе-теңдік және прагматизм қағидатын дамытуға жәрдемдеседі.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасының Еуропаның жетекші елдерімен стратегиялық серіктестік деңгейіне шығуы болып табылады.

Бағдарламаның аталған мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- 1) Қазақстан Республикасының Еуропа мемлекеттерімен мынадай бағыттар бойынша:
 - технологиялық;
 - энергетикалық;
 - көлік саласында;
 - техникалық реттеу және метрология саласы;
 - сауда-экономикалық;
 - шағын және орта бизнесті дамытуда;
 - өмір сүру сапасы саласында;
 - гуманитарлық өлшем тұрғысындағы ынтымақтастықты дамыту және тереңдету.
- 2) оң сипаттағы еуропалық тәжірибені пайдалана отырып, қазақстандық институционалдық-құқықтық базаны жетілдіру;
- 3) Қазақстан Республикасының 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі үшін жағдай жасау.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

5.1. Еуропа мемлекеттерімен ынтымақтастық

5.1.1. Технологиялық ынтымақтастықты жолға қою үшін жағдай жасау

Еуропа елдерімен технологиялық ынтымақтастықты жандандыру жаңа технологияларды тарту мақсатын көздейді. Еуропалық серіктестермен өзара ықпалдасу, оның ішінде нанотехнологиялар мен биотехнологиялар саласында ықпалдасу Қазақстанда құрылып жатқан және іске қосылған технопарктерге серпін береді.

Еуропа елдерінің мамандарын шақыра отырып, технопарктердің аумағында инновациялық менеджмент саласындағы мамандарды даярлау және инженер кадрларды қайта даярлау жөнінде бірқатар оқу іс-шараларын өткізу көзделуде.

Қазақстанда бар көлік коммуникацияларын реформалау және жаңаларын құру жөнінде прогрессивті еуропалық технологияларды пайдалануда ынтымақтастықты дамыту көзделеді.

Еуропада пайдаланылып жүрген аграрлық технологиялар ұлттық ауыл шаруашылығын елеулі түрде дамытуға қызмет етеді. Еуропалық стандарттарға және өнімдерді сертификаттауға бірте-бірте көшу бөлек міндет болып табылады, бұл өз кезегінде қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің Еуропа елдерінің нарықтарына шығуына жол ашады.

Ғылым, жаңа технологиялар, инновациялық әзірлемелер және технологиялар трансфертін, оның ішінде қазақстандық және еуропалық жүйенің мүмкіндіктерін тарта отырып, технологиялар трансфертін ұйымдастыру саласында өзара ақпараттық алмасуды дамыту маңызды бағыт болып табылады.

5.1.2. Энергетикалық ынтымақтастықты дамыту

Еуропа елдерімен ынтымақтастықтың тағы бір бағыты энергия үнемдеу стратегиясы, осы салада инвестицияларды қолдау және қорғау, энергетикалық көлік инфрақұрылымына қолжетімділік құқығы, жүйелік операторлардың табиғи монополиялардан тәуелсіздігі, салалық реттеу, тарифтік саясатын реформалау сияқты энергетика саласындағы бірқатар негізгі нарықтық принциптерді одан әрі өрістетуде еуропалық тәжірибені пайдалану болып табылады.

ЕО-ның жаңа энергетикалық стратегиясының негізгі бағыттарының бірі ғаламдық жылыну мәселесі болып табылады. ЕО қалпына келтіретін энергия саласындағы технологиялар бойынша әлемдік көшбасшы саналатынын, Қазақстанда осы энергия түрінің елеулі әлеуеті бар екенін ескере отырып, сондай-ақ энергия үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды енгізу мен дамыту мәселелері бойынша ЕО елдерінде таныстыру және оқу-үйрену семинарларын ұйымдастыру, халықаралық конференциялар мен көрмелерге қатысу арқылы тәжірибе алмасу көзделген.

5.1.3. Көлік саласында ынтымақтастықты дамыту

Ұлттық заңнама базасын үйлестіру, жолаушылардың, жүктің және көлік құралдарының еркін қозғалысы үшін көлік қызметін көрсетуді қамтамасыз ететін жағдай жасау, көліктің барлық түрлерінде пайдалану және басқа да қауіпсіздікті арттыру арқылы еуразиялық континентаралық көлік дәліздерін одан әрі дамыту көзделген.

Бағдарлама тиісті меморандумдарға қол қоя отырып, ұлттық ұсыныстарды бекітіп, ұлттық көлік желілерінің панъеуропалық көлік желілеріне түйісуі жөніндегі келіссөздер процесін жалғастыруды; еуропалық стандарттарды ұлттық авиация саласына енгізудің бағдарламасы бойынша практикалық тағылымдамаларға қатысуды; теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша порттар инспекцияларымен тәжірибе алмасуды; автокөлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін сақтандырудың халықаралық жүйесін үйлестіру мәселелері бойынша Еуропа елдерінің көлік министрліктерінің және халықаралық ұйымдардың сарапшыларымен келіссөздерге қатысуды; автокөлік құралдарының экологиялық тиімділігін арттыру тәжірибесін зерделеуді; қолда бар тәжірибені өзінің бағдарламалық құжаттарында іс жүзінде пайдалану мақсатында көлік саласының проблемалық мәселелерінің кең ауқымын еуропалық елдермен талқылауға Қазақстанның тең дәрежеде қатысуын көздейтін бастамаларды нығайтуға жәрдем көрсетуге бағытталған.

5.1.4. Техникалық реттеу және метрология саласындағы ынтымақтастықты дамыту

Тарифтік емес реттеу құралдары болып табылатын техникалық реттеу мен метрологияның мақсаты және миссиясы - өнім қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, оның бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру, сауда-саттықтағы техникалық кедергілерді жою, бизнеске әкімшілік қысым көрсетуді азайту және өлшемдердің бұрыс нәтижелерінің салдарынан республика азаматтары мен экономикасының мүдделерін қорғау болып табылады.

Көлік коммуникациясы, агроөнеркәсіп кешені, энергетика, экологияны қорғау мен денсаулық сақтау саласында, сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамыту мәселелерінде прогрессивті еуропалық технологияларды пайдаланудағы ынтымақтастықты дамыту көзделіп отыр.

Жаңа технологияларды іс жүзінде енгізу - Еуропалық Одақ елдерінің талаптарына сәйкес келетін техникалық заңнаманың, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың, өлшем құралдарының, сынақ, өлшем зертханалары жүйесінің тиісті базасын құрумен қатар жүруге тиіс.

Осыған байланысты техникалық регламенттерді әзірлеу және қабылдау; техникалық регламенттер талаптары орындалуының дәлелдеме базасы тұрғысында қызмет істейтін үйлестірілген стандарттарды әзірлеу; стандарттау және аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдарға, оның ішінде Аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымға (IAF), Зертханаларды аккредиттеу жөніндегі халықаралық кооперацияға (ILAC) кіру; жаңа өлшем және сынақ зертханаларын құру және жұмыс істеп тұрғандарын жанарту; аккредиттеу ұйымдары (қазақстандық экспортты ілгерілету үшін "жасыл дәліз" құру), оның ішінде интеграциялық бірлестіктер аясында берілетін аккредиттеу жүйелерінің, сертификаттар мен хаттамалардың баламалығы жөнінде көпжақты және екіжақты келісімдерді жасасу жөнінде шаралар қабылдау; ұлттық эталон базасын жетілдіру, оның еуропалық ұқсастарына сәйкестігіне қол жеткізу; зертханалар арасында салыстырулар жүргізу; республика кәсіпорындарына менеджмент жүйесін жеделдетіп енгізу үшін халықаралық сарапшыларды тарту; нарықты қадағалау жөнінде халықаралық тәжірибені зерделеу көзделіп отыр.

5.1.5. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету

Соңғы жылдары Қазақстан және Еуропа елдері арасындағы сауда айналымы қарқынының ұлғаю үрдісі байқалады, алайда экспорт құрылымында дәстүрлі түрде шикізаттық тауарлар басым түсіп жатады. Бұл орайда қазақстандық экспорттың құрылымын әртараптандыруға арналған күш-жігерді шоғырландыру қажет.

Қазақстан мен Еуропа елдерінің арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды тереңдету мақсатында Қазақстанның Еуропадағы сауда өкілдігін және бірқатар Еуропа елдерінде оның бөлімшелерін ашу көзделіп отыр.

Өкілдіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: Еуропа нарығында Қазақстанның экономикалық мүдделерін іске асыруға қатысты Еуропа елдерінің экономикалық саясатының ықпалына талдау жүргізу; отандық өнімдерді еуропалық нарықта ілгерілету үшін қазақстандық кәсіпкерлерге ақпарат беру мақсатында Еуропа елдерінің сауда-саттық заңнамасын және сыртқы сауда қызметінің талаптарын зерделеу; Еуропа елдеріне арналған қазақстандық экспорттың құрылымын әртараптандыру, оның ішінде сауда артықшылықтарының еуропалық жүйесін пайдалану (GSP+).

Бұдан басқа, екіжақты келіссөздер жүргізу арқылы қазақстандық тауарларды сыртқы нарықтарда экспорттық ілгерілету үшін және Еуропа елдерінің нарықтарында қазақстандық тауар өндірушілерінің экономикалық мүдделерін қорғау үшін жағдай жасау, Еуропа елдеріндегі жыл сайынғы халықаралық көрмелерге Қазақстан Республикасының қатысуы қазақстандық өнімдердің экспорттық ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

5.1.6. Шағын және орта бизнесті дамытудағы ынтымақтастық

Бағдарлама ынтымақтастықты нығайтуға әрі шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты одан әрі қалыптастыруға, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік реттеуді оңтайландыруға, салық салу жүйесін жетілдіруге, банк кредиттеріне және қаржыландырудың басқа да көздеріне еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге, кадрлар даярлаудың ортақ жүйесін құруға, шағын және орта бизнес субъектілері қызметін регламенттеу мәселелерінде қазақстандық заңнаманы жетілдіруге және Еуропа елдерінің заңнамаларымен үйлестіруге бағытталған.

Аталған саладағы мақсаттарға қол жеткізу: кәсіпкерлікті, салық салуды, оның ішінде шағын және орта бизнеске қатысты мемлекеттік қолдау саласында тәжірибе алмасуды қоса алғанда, іс жүзіндегі шараларды іске асыру; кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамытуға жәрдем көрсету; бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру; бірлескен консультацияларды, семинарларды, конференцияларды, сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдай жасау жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу жөнінде зерттеулерді ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлікті дамыту саласында тәжірибе алмасу жөнінде Еуропа елдерімен ынтымақтастық Қазақстанда бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыруға мүмкіндік береді, атап айтқанда, Қазақстанның және Еуропа елдерінің заңнамаларын үйлестіру, Қазақстан экономикасына инвестициялардың ағыны мен шағын және орта бизнес субъектілерінің кәсіби тұрғыдан өсуін қамтамасыз ету арқылы қазақстандық компаниялардың еуропалық нарыққа шығуын жеңілдетуге болады.

5.1.7. Өмір сүру сапасы саласында ынтымақтастықты кеңейту

Өмір сүру сапасы деп мемлекеттің экономикалық дамуының, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, білім беру және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік нәтижелерді көрсететін негізгі көрсеткіштердің жиынтығы түсіндіріледі.

Ұлттық экологиялық заңнаманы Еуропа елдерінің стандарттарымен үйлестіруді, трансшекаралық проблемаларды шешу саласында бірлескен бағдарламаларды әзірлеуді, биологиялық саналуандықты сақтауды, қоршаған ортаны тарихи лас-қоқыстан тазартуды қоса алғанда, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту мәселелерінде Қазақстанның Еуропа елдерімен ынтымақтастығын тереңдету көзделіп отыр.

Климаттық өзгерістердің алдын алу саласында, Астана қаласында Еуразиялық су орталығының әлеуетін пайдалана отырып, су ресурстарын қорғау және зерттеу мәселелерінде іс-қимылды үйлестіру жөнінде шаралар көзделді.

Осы мақсаттарды іске асыру үшін Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) экологиялық директорының Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдері үшін қоршаған ортаны қорғаудың іс-қимыл жоспары бойынша арнайы жұмыс тобының, табиғат қорғау бейініндегі еуропалық ұйымдардың қызметіне қатысатын болады.

Ел халқын еуропалық стандарттарға сәйкес келетін сапалы медициналық көмек қызметімен қамту, оның ішінде медицинаға еуропалық ақпараттық технологияларды енгізу, денсаулық сақтау мен басқару инфрақұрылымының тиімділігін арттыру, ауруларға (жүрек-қан тамырлары, онкологиялық аурулар, құрт ауруы, гепатит, адамның қорғаныш тапшылығының вирусы/жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісі және басқалары) диагностика қоюдың, емдеудің және ол аурулардың алдын алудың сапасын жақсарту, қан дайындау, дәрі-дәрмекке қол жеткізу және олардың сапасын арттыру, кенеулі тамақтанудың стандарттарын

енгізу, кадр ресурстары жүйесін дамыту және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу маңызды бағыт болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін азаматтардың денсаулығын нығайтуға бағытталған бірлескен іс-шаралар мен жобаларды жүргізу, сондай-ақ Ұлттық медициналық холдингті, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау ұйымдарын және университет клиникаларын басқарудың осы заманғы тәсілдерін жасау, көпжақты байланыстарды кеңейтуге ықпал ету, тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсетуде еуропалық тәжірибені зерделеу қажет.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіби білім беру салаларында, жоғары білім саласындағы өзара іс-қимылда, студенттерді және профессор-оқытушы құрамын алмасуда, оның ішінде «Erasmus Mundus» және "TEMPUS" бағдарламалары аясында, сондай-ақ Еуропа елдерінің білім беру ұйымдарымен екіжақты шарттар негізінде ынтымақтастықты дамыту көзделіп отыр.

Техникалық және кәсіби білім беру саласында Еуропа елдерімен ынтымақтастықтың жекелеген бағыттары: еуропалық тәжірибені ескере отырып ұлттық біліктілік жүйесін құру, сертификаттау саласындағы әлемдік көшбасшыларды тарта отырып, біліктілік пен білім беру бағдарламаларын сертификаттау жүйесін енгізу, халықаралық талаптарға сай келетін білім беру бағдарламаларын әзірлеу, инженер-педагог қызметкерлердің және өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыру, техникалық және қызмет көрсетуші кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық орталықтарды басқаруға шетелдік менеджерлерді тарту, оқу орындарында жұмыс істеу үшін шетелдік оқытушылар мен мамандарды тарту болып табылады.

Аталған саладағы мақсаттарға қол жеткізу қазақстандық және еуропалық оқу орындары арасындағы байланыстарды кеңейтуге ықпал етуді, білім сапасын басқарудың университеттік жүйесі мен Қазақстан-Британ техникалық университетінің және Қазақстан-Неміс университетінің базасында жоғары білім беру саласындағы білім беру хаттарын құруды, мемлекеттік қызметшілерді кәсіби даярлауда және қайта даярлауда еуропалық тәжірибені зерделуді ілгерілетуді және Еуропа тілдерін оқып-үйренуге жәрдем көрсетуді қоса алғанда, практикалық шаралар мен жобаларды іске асыру арқылы жүзеге асатын болады.

Әскери білім беру және әскери-ғылыми қызмет, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою салаларында Еуропа елдерімен ынтымақтастықты іске асыру үшін тиісті нормативтік-құқықтық база қалыптастыру көзделіп отыр.

Бағдарлама жұмыспен қамту, еңбекке қабілетті халықтың көші-қоны, табысы төмен азаматтар, мүгедектер санаттарын әлеуметтік қолдау, әлеуметтік қызмет көрсетуді дамыту салаларында, сондай-ақ Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүше елдерден коммерциялық тұрғыдан араласпай қызмет жеткізуші жеке тұлғалардың орын ауыстыруы бөлігінде іс-тәжірибені зерделеу үшін Еуропа елдерімен ынтымақтастықты көздейді.

5.1.8. Гуманитарлық өлшем тұрғысындағы ынтымақтастықты кеңейту

Қазақстан мен Еуропа елдерінің азаматтық қоғам институттары арасындағы әріптестік қарым-қатынасты дамыту көзделуде, мұның өзі азаматтық қоғамның ұлттық институттарының халықаралық қоғамдастыққа кірігуіне, ұлттық мүдделер тұрғысында әлеуметтік, мәдени, білім беру, ақпараттық-ағартушылық және басқа да жобаларды іске асыруға, әлеуметтік әріптестік институтын дамытуға жәрдемдесетін болады.

Этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету саласында тәжірибе алмасу Еуропа елдерімен ынтымақтастықтың бөлек бір бағыты болып табылады, мұның өзі этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етудің тиімді тетіктерін құруда қазақстандық оң тәжірибені насихаттауға, дінге төзімді және толерантты еуразиялық қоғамдастықтың қалыптасуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Еуропалық дәстүрлер тәжірибесін пайдалана отырып, Қазақстанда теңдестірілген гендерлік саясатты дамыту үшін одан әрі жағдайлар жасау көзделуде.

5.2. Оң сипаттағы еуропалық тәжірибені пайдалана отырып, қазақстандық институционалдық-құқықтық базаны жетілдіру

Соңғы жылдары Қазақстанда ұлттық заңнаманы жетілдіру жөнінде үлкен жұмыс жүргізілуде, оның маңызды кезеңі 2007 жылғы мамырда Конституцияға өзгерістер енгізу болды.

Қазіргі уақытта осы жұмыс мүдделі министрліктер мен ведомстволардың күш-жігерімен жалғасуда, бұл орайда олардың арасында түрлі деңгейлерде белсенді өзара іс-қимыл жүзеге асырылуда. Отандық және халықаралық сарапшы жұртшылықтың елеулі әлеуеті пайдаланылуда.

Жүргізіліп жатқан жұмыстың басты мақсаты саяси және мемлекеттік құрылыстың қазақстандық үлгісін жетілдіру, мемлекеттік қызметті және кадр ресурстарын басқарудың тиімді жүйелерін зерделеу, елдің саяси өмірін ырықтандыру және Қазақстанды әлемге ортақ озық дәстүрлерге тарту болып табылады. Атап айтқанда, бұл сайлау, саяси партиялар, бұқаралық ақпарат құралдары (диффамация мәселелерін қоса алғанда), мемлекеттік қызметті, сот жүйесін реформалау туралы заңнаманы жетілдіруге және қоғамдық өзара қарым-қатынастың басқа да салаларына қатысты.

Мемлекеттік қызметшілердің Еуропаның жетекші елдерінің мемлекеттік органдарында тағылымдамадан етуі, мемлекеттік басқару органдары, сот төрелігі және қылмыстық іздестіру органдары арасында тәжірибе алмасу, сондай-ақ қылмыстық істерді тергеу және сотта қарау, азаматтық сот ісін жүргізу және сот актілерін орындау бөлігінде заңнаманы жетілдіру көзделуде.

5.3. Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуінің басымдықтары

Мадридте Сыртқы істер министрлері кеңесінде қабылданған (2007 жылғы қараша), Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі туралы шешім тұрғысында, сондай-ақ жалпыға ортақ қабылданған практиканы ескере отырып, Бағдарлама аясында Қазақстанның төрағалық етуінің басымдықтарын егжей-тегжейлі қарау жұмысы көзделуде.

Олардың қатарына мынадай мәселелер жатады: ЕҚЫҰ кеңістігінде демократиялық институттарды дамыту үшін жағдайлар жасау жөніндегі іс-қимылды жалғастыру; ЕҚЫҰ мемлекеттерінің транзит-көлік әлеуетін, еуразиялық континентаралық көлік дәліздерін дамыту, экологиялық проблемаларды шешу; Қазақстанның бейбітшілікті, қауіпсіздікті және ядролық қарусыздануды қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отырып, сенім білдіру шаралары мен өңірлік қауіпсіздікті нығайту; ЕҚЫҰ қызметіндегі қауіпсіздіктің әскери емес аспектілерін, атап айтқанда, терроризмге, экстремизмге, есірткі құралдарының заңсыз айналымына, ұйымдасқан қылмысқа, қару-жарақпен және адамдармен сауда-саттыққа қарсы күрес салаларын дамыту, сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның әріптес елі - Ауғанстанды қалпына келтіру.

Қауіпсіз, тұрақты және гүлденген Орталық Азияны құру процесінде, өңірдің тартымдылығын, оның ішінде экономикалық тартымдылығын арттыруда ЕҚЫҰ-ның әлеуеті мен құралдарын пайдалану маңызды міндет болып табылады.

6. Қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері

Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстардың мөлшері «Республикалық бюджет туралы» 2009-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Заңымен айқындалады және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде жыл сайын нақтыланады.

ҚР Президентінің 2011.04.02. № 1150 [Жарлығымен](#) 7-бөлім өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру мынадай нәтижелерге қол жеткізуге жәрдемдеседі деп болжануда:

- 1) Қазақстан Республикасының Еуропаның жетекші елдерімен саяси, экономикалық және гуманитарлық салаларда стратегиялық әріптестік деңгейіне шығуы;
- 2) еуропа елдерімен тауар айналымын жыл сайын арттыру үшін қолайлы жағдай жасау;
- 3) мемлекеттер және үкіметтер басшылары деңгейінде жыл сайын 5 сапар алмасу (халықаралық іс-шаралар кестесіне сәйкес);
- 4) қазақстандық желілерді панъеуропалық көлік жүйелерімен түйістіру аясында Көлік жүйелерін дамыту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға ЕО-мен қол қою;
- 5) ЕО елдерінің талаптарына сәйкес келетін техникалық регламенттер мен үйлестірілген стандарттарды қабылдау;
- 6) еуропалық нормаларды ескере отырып, ұлттық заңнаманы жетілдіру;
- 7) Еуропа құрлығында Қазақстан Республикасының мүдделерін ілгерілету.

Қазақстан Республикасы Президентінің
2008 жылғы 29 тамыздағы № 653

[Жарлығымен](#)
бекітілді

«Еуропаға жол» бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 29 тамызда 2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы туралы Жарлыққа қол қойды. Бағдарлама Қазақстан мен еуропалық мемлекеттердің арасындағы жан-жақты қарым-қатынасқа жаңа серпін беруді көздейді.

Бағдарлама Қазақстан Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленген. Жолдауда Еуропамен ынтымақтастықтың дамуына, соның ішінде басқару тәжірибесі мен технологияларды кеңінен тартуға, заңдарды жетілдіруге, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық етудің күн тәртібін даярлауға оң ықпал ететін арнайы бағдарлама жасау қажеттігі айтылған болатын.

Бүгінгі таңда Қазақстан Еуропа елдерімен терең байланыс орнатуға мүдделі. Себебі, қалыптасқан тарихи қарым-қатынастар негізінде біз технологиялық, энергетикалық, көлік және сауда-экономикалық өзара іс-қимылды жолға қоямыз, сондай-ақ еуропалық интеграция мен институттық-құқықтық реформаның еуропалық тәжірибесін игеретін боламыз.

Өз тарапынан, Еуропалық Одақ (ЕО) елдері де Орталық Азия мемлекеттерімен, соның ішінде Қазақстанмен ерекше қарым-қатынас орнатқысы келеді. Олардың біріккен ұстанымы 2007 жылғы маусым айында Еуропалық Одақ саммитінде қабылданған «ЕО және Орталық Азия: жаңа әріптестік стратегиясы» атты құжатта айқын көрініс тапқан.

Бағдарламаның басты мақсаты - біздің еліміздің еуропалық жетекші мемлекеттермен стратегиялық әріптестігін жаңа деңгейге көтеру.

Бұл ретте біз еуропалық елдермен арадағы сауда айналысын ұлғайту, көлік желілерін дамытудың бірлескен жоспарларын жасау, техникалық регламент пен стандарттарды ЕО елдері талаптарына сәйкестендіру, еуропалық нормаларды есепке ала отырып, қазақстандық заңнаманы жетілдіру және т.б. мәселелерді қамтитын боламыз.

Осы мақсаттарды орындау барысында алдымызда бірнеше міндет тұр.

Бірінші міндет - Қазақстан мен Еуропа елдері арасындағы ынтымақтастықты тереңдетіп, дамытуға мүмкіндік беретін технологияларға, энергетикаға, көлікке, техникалық реттеу мен метрологияға, шағын және орта бизнес саласына қатысты. Бұл ретте өмір сүру сапасын жақсартуға, яғни қазақстандық өмір сүру деңгейін еуропалық стандарттарға жақындату тұрғысындағы ынтымақтастықты кеңейтуге айрықша көңіл бөлінеді. Қоршаған ортадағы ахуалды мейлінше жақсарту, су қорларын қорғау, ауа райындағы өзгерістерді алдын ала ескеріп отыру, биоалуандықты сақтау және т.б. мәселелер жоспарда бар. Сонымен қатар, тұрғындарға медициналық қызмет көрсету деңгейі де жоғарылайтын болады. Бұл іс-шаралар, еуропалық стандарттарға сәйкес, ақпараттық технологияларды енгізу, ауруларды емдеу мен алдын алу, диагностиканың сапасын жақсарту, сапалы да арзан дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, тағам стандарттарын енгізу, кадрлар даярлау жүйесін дамыту негізінде жүзеге асады. Сондай-ақ білім беру, әлеуметтік көмек, жұмыспен қамту және еңбек миграциясы саласында да ынтымақтастықты дамыту көзделіп отыр.

Екінші міндет - еуропалық озық тәжірибені пайдалана отырып, қазақстандық институттық-құқықтық базаны жетілдіруге байланысты. Осы ретте мемлекеттік құрылымның қазақстандық үлгісін одан әрі дамыту, мемлекеттік қызмет пен кадрлар даярлаудың тиімді жүйесін енгізу, елдегі саяси үрдістерді жаңарту мәселесіне басымдық берілетін болады. Бұл міндет сайлау, саяси партиялар, бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнаманы жетілдіру, сот жүйесі мен мемлекеттік қызметті және өзге де салаларды реформалау арқылы іске асырылады.

Үшінші міндет - Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне дайындық мәселесі. Бұл тұрғыда Бағдарламаға нақты бірнеше басымдық енгізілді: демократиялық институттарды дамыту тұрғысындағы жұмысты ЕҚЫҰ кеңістігінде одан әрі жалғастыру; ЕҚЫҰ мемлекеттерінің транзиттік-көліктік және еуразиялық құрлықаралық дәліздің әлеуетін арттыру; экологиялық мәселелерді шешу; Қазақстанның бейбітшілік пен ядролық қарусыздануға қосқан үлесін ескере отырып, сенім шаралары мен аймақтық қауіпсіздікті нығайту; лаңкестікпен, экстремизммен, есірткі саудасымен, ұйымдасқан қылмыспен күресте қауіпсіздіктің әскери емес қырларын жетілдіру; Ауғанстанды қалпына келтіру.

Жалпы алғанда, 2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасын табысты жүзеге асыру қазақстандық экономиканың бәсекелестікке қабілеттілігін жоғары деңгейге көтеріп, азаматтардың әл-ауқатының артуын және елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін болады.